

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Басқармасының

2000 жылдың 11 шілдесіндегі
№ 66/0 шешімімен

Б е к і т і л д і

Банкаралық депозиттер нарығы индикаторын қалыптастыру Ә Д І С Т Е М Е С І

Алматы қ.

2000

Осы Әдістеме банкаралық депозиттер нарығы индикаторын қалыптастыру тәртібін анықтайды.

Осы Әдістемеді қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

"Депозиттер нарығының индикаторы" – осы Әдістемеді анықталғандай, банкаралық депозиттер нарығының мөлшерлемелер фиксингі;

"Өкілдік тізім" – депозиттер нарығы индикаторын қалыптастыруға қатысатын банктердің – биржа мүшелерінің тізімі;

"Қалыптастыру қатысушысы, қатысушы" – өкілдік тізімге енген банк – биржа мүшесі.

1. "В" санаты бойынша Биржа мүшесі болып табылатын банктерге өкілдік тізімге енгізілуіне рұқсат етіледі.
2. Банктің беделі және депозиттер нарығындағы жұмысының белсенділігі деңгейінің негізінде Биржалық кеңестің шешімімен өкілдік тізім анықталады.
3. Депозиттер нарығы индикаторының қалыптастыруға қатысуға рұқсат алу үшін қатысушы банкаралық депозиттер нарығы индикаторын қалыптастыру туралы меморандумға қол қоюы тиіс.
4. Биржалық кеңестің шешімі бойынша депозиттердің стандартты мерзімдері және, индикаторды қалыптастыратын, валюта түрлері белгіленеді.
5. Алматы уақытымен 16:00 дейін әрбір қатысушы биржаның сауда жүйесінде стандартты депозиттер бойынша өзінің индикативті баға белгілеулерін белгілейді, оларға тарту мөлшерлемесі, орналастыру мөлшерлемесі, сондай-ақ мөлшерлемеге сәйкес келетін тарту және орналастыру көлемдері кіруі тиіс.

Баға белгілеуі бойынша минималды көлем 15 миллион теңгеден кем болмауы тиіс.

6. Меморандум қатысушыларының биржаның сауда жүйесінде белгілейтін баға белгілеулері индикативті болып табылады, яғни меморандум қатысушылары индикативті баға белгілеуде белгіленген шарттарда мәмілелерді жасасуға міндеттелмейді.
7. Баға белгілеулері үтірден кейінгі кемінде екі және ең көбі алты таңбаға (депозит валютасының түріне қарай) ондық түрде көрсетілуі тиіс.

8. **Фиксинг:**

Мөлшерлемелер фиксингін биржа Алматы уақытымен 16:00-ге қатысушылардың мөлшерлемесі бойынша жүзеге асырады.

Қатысушылар белгілеген мөлшерлемелер өсуіне/төмендеуіне қарай бөлінеді, максималдысы және минималдысы алынып, қалғандары орташа арифметикалық мәннің есептелуіне қолданылады. Осы орташа мөлшерлеме фиксингтің тиісті мерзімі мен күні үшін индикатор болып табылады.

9. Осы Әдістемеге сәйкес Биржа индикатордың үш түрін анықтайды:

KIBOR – орналастыру мөлшерлемелері бойынша орташа мәні;

KIBID – тарту мөлшерлемелері бойынша орташа мәні;

KIMEAN – **KIBOR** және **KIBID** мөлшерлемелері бойынша орташа мәні.

10. Индикатордың есептелген көрсеткіштері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және биржаның веб-сайтында жариялау арқылы, Биржа депозиттер нарығы индикаторы туралы ақпараттың жариялануын жүзеге асырады.

Президенттің м.а.

И.М. Сәбитов